

Еңбекақы және зейнетақы бойынша берешекті өтеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 ақпандағы N 186

Еңбекақы және зейнетақы бойынша қарыздарды қысқарту және уақытында төленуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақыларын толық және уақытында төлеуін, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына сақтандыру жарналарын төлеуді қамтамасыз етуде жеке жауапкершілік жүктелсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден алынған 1996 жылғы егіннің астығын, олардың бюджетке салық және басқа да міндеттемелері бойынша борыштарын төлеу есебіне сатуды дереу жүзеге асыру;

облыстардың және Алматы қаласының бюджеттерін бекіту кезінде мәслихаттарға еңбекақыны төлеуге және мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына жарналар төлеуге арналған секвестрленбейтін шығыстарға жатқызу туралы ұсыныстар енгізу;

1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жергілікті бюджеттердің есептерінде пайда болған басы артық қаражатты бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақылары бойынша берешекті өтеуге жұмсау;

1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жергілікті бюджеттердің еңбекақы және мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына төленетін жарналар бойынша пайда болған берешекті қосымшаға сәйкес өтеу ұсынылсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының аяғына дейін бюджеттік сала ұйымдарының жүйелерін оңтайландыру және штаттарын ретке келтіруді аяқтасын. Жүргізілген жұмыстар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметін 1997 жылдың 5 сәуіріне дейін хабардар етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстары мен кірістерінің жазбасына сәйкес ресми трансферттерді, оның ішінде көрсетілген қарыз түрлерін өтеу үшін, жергілікті бюджеттерге толық көлемде, уақытында аударылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті:

еңбек ақыға арналған, сондай-ақ мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына төленетін жарналарды төлеуге бюджеттік ұйымдарға бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдалануына бақылауды күшейтсін;

үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында облыстарда жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара қарыздарына жүргізілген есептердің дұрыстығына тексеріс жүргізілсін. Нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылғы 5 сәуірге дейін мәлімдесін.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып 1997 жылдың 10 ақпанына дейін зейнетақы төлеу жөніндегі қарыздарды өтеу кестесін жасап, бекітсін.

7. Республикалық Бюджеттік банк бірінші кезектегі тәртіппен еңбекақыға байланысты қарыздарды өтеуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 10 ақпандағы
N 186а қаулысына
қосымша

1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша пайда болған
еңбекақы және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру
қорына жарналар жөніндегі берешекті өтеу кестесі
(мың теңге)

Облыстар	1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша пайда болған еңбекақы және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар жөніндегі берешек
1	2
Ақмола	357935

Ақтөбе		50000
Алматы		435471
Шығыс Қазақстан		354310
Жезқазған		219986
Жамбыл		1549216
Батыс Қазақстан		584935
Қарағанды		1929406
Қызылорда		193852
Көкшетау		903644
Қостанай		2017218
Маңғыстау		78518
Павлодар		1240245
Солтүстік Қазақстан		726778
Семей		607884
Талдықорған		582730
Торғай		413056
Оңтүстік Қазақстан		967468

Жиыны | 13212652

ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым

3 | 4 | 5 | 6 | 7

119311	119313	119311		
50000				
100000	200000	135471		
118103	118104	118103		
54996	54996	54996	54998	
250000	350000	350000	350000	249216
120000	125000	120000	120000	99935
385881	385881	385881	385882	385881
130000	63852			
180000	180000	180000	180000	183644
403444	403444	403444	403444	403442
40000	38518			
310061	310061	310062	310061	
145000	148000	150000	150000	133778

210000	197000	100000	100884	
150000	172730	160000	100000	
100000	100000	90000	90000	33056
150000	250000	250000	217468	100000

3016796	3216899	2927268	2462737	1588952
---------	---------	---------	---------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК